

Бәрі бақылауыңызда болсын!***Біздің зейнетақы жинақтарымыз зейнетке шығып, ақшаны өз игілігімізге жұмсай бастаған сәтімізді күтуде***

Зейнетақы жинақтарының жай-күйіне үнемі қызығушылық таныту өте маңызды. Осыған байланысты «БЖЗК» АҚ салымшыларды (алушыларды) жеке зейнетақы шоттарындағы (ЖЗШ) зейнетақы жинақтарының жағдайы туралы хабарландыру бойынша тұрақты жұмыс жүргізуде.

Бұл үшін бірнеше тәсіл бар:

- салымшының (алушы) БЖЗК кеңсесіне өзі келген жағдайда;
- пошта байланысы қызметі арқылы;
- электрондық пошта арқылы;
- жеке кабинет арқылы.

Салымшылар мен алушылар арасында ақпарат берудің **ең танымал** тәсілі – салымшының enpf.kz сайтындағы **жеке кабинеті**. Оны 2021 жылдың 1 қарашасындағы жағдай бойынша 6,2 млн. астам ЖЗШ иелері таңдады, бұл ағымдағы жылдың басындағы көрсеткіштен 400 мыңға артық – 5,8 млн.

Өз шоттарының жай-күйі туралы ақпаратты БЖЗК-ға ұсынылған электрондық пошта арқылы 794 479 адам алады. Хат шот иесіне таңдалған кестеге сәйкес: ай сайын, тоқсан сайын, жарты жылда бір рет немесе жыл сайын электрондық пошта арқылы келеді.

Шамамен 1,2 миллион адам әлі күнге дейін үзінді көшірмесін дәстүрлі поштамен алуды қалайды. Алайда жылына бір рет үзінді көшірмесі салынған конверт алушылардың саны азайып келеді. Мәселен, 5 жыл бұрын - 2016 жылы – олардың саны 2, 25 миллионнан асып, қазіргі көрсеткіштен екі есе көп болған еді.

Егер салымшы (немесе алушы) ЖЗШ-дан үзінді көшірмені жылына бір рет дәстүрлі пошта арқылы алуды таңдап, бірақ тұрғылықты мекенжайын өзгертсе, ол бұл туралы Қорға хабарлауы қажет екенін естеріңізге саламыз ҚР «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңында мұны 10 күнтізбелік күн ішінде жасау қажет деп көрсетілген. Әйтпесе, пошта операторы зейнетақы шотынан үзінді көшірмені адресатқа жеткізе алмайды, сондықтан хат Қорға оралады. Келесі жолы БЖЗК үзінді көшірмені салымшыға (алушыға) жібермейді, оның хабарландыру мәртебесі «анықталмаған» деп көрсетіледі. Мұндай салымшылар саны қараша айының басында шамамен миллион адам болды.

Шамамен 2,9 млн адам хабарландыру тәсілі ретінде «БЖЗК-ға өзі келген кезде» тетігін таңдады. Өткен жылдың қараша айының басында бұл көрсеткіш 3 миллионнан асқан. Айта кетерлік жәйт, негізінен бұл статистиканы жаңадан ашылған шоттардың иелері толықтырады. Бүгінде БЖЗК-дағы барлық шоттар алғашқы жарна түскен кезде ашылады. Бұл ретте әдетте «БЖЗК-ға жеке өзі келгенде» хабарлау тәсілі таңдалынады. Сондықтан жеке зейнетақы шотын ашқаннан кейін тиісті келісімді тікелей Қор кеңсесінде, не БЖЗК сайтындағы Жеке кабинетте электрондық цифрлық қолтаңбаның көмегімен жасай отырып, өзіңізге ыңғайлы әдісті таңдаған дұрыс. Бұл ретте БЖЗК сайтында бір ғана тәсілді: «жеке кабинет арқылы» таңдауға болатынын атап өткен жөн.

ЭЦҚ көмегімен зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы мәліметті келісім-шарт жасаспастан-ақ, enpf.kz сайты, мобильді қосымша немесе электрондық үкіметтің веб-порталынан алуға болады.

Хабарландырудың қай тәсілін таңдасаңыз да, БЖЗК зейнетақы жарналарының уақытылы аударылуына, әрі болашағыңызды жоспарлауға сенімді болу үшін зейнетақы жинақтарын кез келген ыңғайлы тәсілмен үнемі тексеріп отыру қажеттігін ескертеді.

Пресс-центр АО «ЕНПФ»

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).